

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық
кеңесінің отырысының № 2 хаттамасы**

30 мамыр 2025 жыл

Ойыл селосы

Күн тәртібінде

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3-тарау 1,2-тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері.

Қатысқандар саны-14

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері-7

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-7

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы С.Рзина күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып,өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп-балабақша директоры Г.Жумагуловаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Г.Жумагулова – өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2 тармақшаларына сәйкес Екпетал мектеп-балабақшасының кезектен тыс өткізген №5 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен 2025 жылдың 07 -30 сәуір аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып,өзін-өзі бағалау үшін жоспар құрылды.Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп,комиссия мүшелері арасында тапсырмалар бөлініп берілді.Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілер мен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді.Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып,білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үлгілі» деген қорытынды берілді.(слайдпен бағалау парағы көрсетілді.) Мектеп-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттардың үлесі,біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі талапқа сай деп бағаланды. Мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру:қазіргі таңда оқу процесі Ойыл кәсіптік колледжінің ғимаратында қалыпты жағдайда жүргізіліп жатыр. Бірақ мектептің жеке ғимараты болмауына байланысты оқу процесінде қолданылатын арнайы пән кабинеттері, компьютерлер, интерактивті тақталар жоқ. Оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі мен сәйкестігі талапқа сай деп бағаланды.Мектеп-балабақша педагогтары мен 4,9 сынып білім алушыларының, ата-аналардың пікірін білу үшін сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды.Сонымен қатар оқушылардың білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 сынып оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнды бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына « үлгілі »деген қорытынды берілді.(слайдпен бағалау барағы көрсетілді).

Г.Утениязова-қамқоршылық кеңес мүшесі

Жалпы мектеп-балабақша жұмысына қанағаттамын. .Ұжым мүшелерінің көпшілігі жас буын болғанымен үнемі ізденісте Еңбек өтіліне сәйкес педагогтер уақытылы курстардан өтіп категорияларын қорғап отырады. Тоқтала кететін жағдай оқушылардың пәндік сайыстарға қатысымының аздығы. Мен қамқоршылық кеңес мүшесі ретінде және демеуші ретінде мектеп жұмысына араласып отырамын.Мектеп-балабақша қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанамын.

Мектеп-балабақша директоры Г.Жумагулова оқушылардың сайысқа дайындау үшін жетекшілер бекітіліп дайындық жұмыстарының басталғанын айтты.

С.Рзина-қамқоршылық кеңес төрайымы

Мен де мектеп-балабақшада жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына берілген бағаға қосыламын. 2024 жылдың 29 наурызы күні Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Екпетал селосы толығымен суға кетуіне байланысты аудан әкімінің 29.03.2024 ж №3 шешіміне сәйкес жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған болатын. Осы жағдайдың салдарынан Екпетал мектеп – балабақшасы күрделі жағдайға тап болды. Табиғи апаттың салдарынан мектеп ғимараты мен материалдық - техникалық базасы айтарлықтай зақымданды. Ең маңыздысы, барлық ресми құжаттар суға кетіп, толық жарамсыз күйге түсті. Бұл жағдай өткен оқу жылдарының құжаттарын сақтауға және оларды қайта қалпына келтіруге үлкен қиындық тудырып, мектеп ұжымының аттестацияға толыққанды дайындалуына кедергі келтіргендігін білемін. Мектеп-балабақша ұйымы жұмысы жоғары деңгейде деп айта аламын.


Г.Жумагулова: Алдағы оқу жылында Екпетал мектеп – балабақшасы жабылып, мектеп оқушылары ауданымызда жаңадан салынып жатқан мектепке орналастырылады деп жоспарлануда. Жаңа мектептің құрылысы 2025 жылдың маусым айына дейін аяқталады деп күтілуде.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып,талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:


- 1.Мектеп-балабақша басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері жақсы деп бағалансын.
- 2.Берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
- 3.Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектеп-балабақшасының интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:



С.Рзина

Хатшы:



Л.Кузембаева


Кеңес мүшелері:




Р.Баймуханова




Ж.Тілегенова



Г.Утениязова



З.Жукина



А.Есенғалиев



Л.Бисенғалиева